

ӘОЖ 34:159.9(075.8)

И.С. Амреева,
А.З. Жангушукова, А.А. Альшуразова*

Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті,
Қазақстан Республикасы, Талдықорған қ.
*E-mail: alshurazova-0807@mail.ru

Заң психологиясы құқық саласының бір ғылымы ретінде

Мақала заң психологиясының құқық саласындағы жеке бір ғылым ретінде қалыптасуына себеп болған тарихи аспектілерді қамтиды. Құқық саласының ажырамас бір бөлігі болып танылатын заң психологиясының пәніне қатысты туындаған сұрақтарды жекелеген психологтар, заңгерлер және өзге ғылым саласындағы ғалымдар шешуге тырысқан. Заң психологиясының алғашқы даму кезеңдері құқық ғылымы аясында туындаған сұрақтарды шешу үшін психологияға жүгінуге қажеттіліктің туындауымен байланысты. Мақалада заң психологиясының даму тарихы кеңінен зерттеліп, осы ғылым саласы бойынша жарық көрген ірі еңбектердің атаулары көрініс тапқан. Сонымен қатар, заң психологиясының ажырамас бөлігі саналатын сот психологиясы мен психиатриясының пайда болу негіздері жайлы да айтылған.

Түйін сөздер: психология, психиатрия, криминология, рефлексология.

I.S. Amreeva, A.Z. Zhangushukova, A.A. Alshurazova
Legal psychology as a science in the field of law

This is article covers historical aspects which are the reason establishment of jurist psychology as a separate science of law. Questions arising in relation to this subject have been given answers psychologists, lawyers and other scientists branches of law. Primary stage the emergence and development jurist psychology due to the necessity of psychological knowledge. In the article discusses in a wide order history jurist psychology and reflected the names of high-profile works of scientists in this sphere. Also described the base of emergence judicial psychology and psychiatry which are basic and inseparable parts of jurist psychology.

Key words: psychology, psychiatry, criminology, reflexology.

И.С. Амреева, А.З. Жангушукова, А.А. Альшуразова
Юридическая психология как наука в системе отрасли права

Данная статья охватывает исторические аспекты, которые являются причиной становления юридической психологии как отдельной науки права. На вопросы, возникшие по отношению к данному предмету, были даны ответы психологами, юристами и другими учёными иных отраслей права. Первоначальные этапы возникновения и развития юридической психологии связаны с необходимостью психологических знаний. В статье рассмотрена в широком порядке история юридической психологии и отражены названия громких трудов учёных в этой сфере. Также описаны основания возникновения судебной психологии и психиатрии, которые являются основными и неразрывными частями юридической психологии.

Ключевые слова: психология, психиатрия, криминология, рефлексология.

Құқық саласының ажырамас бір бөлігі болып танылатын заң психологиясының пәніне қатысты туындаған сұрақтарды жекелеген психо-

логтар, заңгерлер және өзге ғылым саласындағы ғалымдар шешуге тырысқан. Заң психологиясының алғашқы даму кезеңдері құқық ғылымы ая-

сында туындаған сұрақтарды шешу үшін психологияға жүгінуге қажеттіліктің туындауымен байланысты. Заң психологиясы өзге де көптеген психология салалары тәрізді ұзақ ғылыми тұжырымдамалар мен ғылыми экспериментальді зерттеуге дейінгі жолдардан өтті. Адамзат білімінің әртүрлі көзқарастарының негізінде пайда болған көптеген жаңа ғылымдар тәрізді заң психологиясы да өзінің алғашқы даму кезеңдерінде тұрақты жеке болып қалыптаспаған және ғалымдардың арнайысы болмаған. Заң психологиясының дамуына ерекше үлес қосқандардың бірі ретінде И.Т. Посошковтың (1652–1726) еңбектері ерекше маңызға ие, онда айыпталушы мен куәлардан жауап алуға қатысты, қылмыскерлерді топтастыруға қатысты психологиялық нұсқаулар берілген. Гуманизм идеясымен сот психологиясының аспектілерін қарастырған алғашқы авторлардың бірі болып М.М. Щербатов (1733–1790) танылады. Ол өзінің еңбектерінде тұлғаның жеке ерекшеліктерін ескере отырып заңдардың әзірленіні талап етті. Сонымен қатар, жазадан шартты түрде жазадан босатуды қолдаушылардың бірі болды. Қылмыскерді қайта тәрбиелеуде еңбек факторын бағалай білді, қолдады. Негізінен қылмыскерді қоғамнан оқшаулап қана қоймай, оны қайта тәрбиелеу идеясының кең тарау мәселесі психологияға осы мәселені ғылыми тұрғыда негіздеу үшін жүгінуге алып келді. Аталған мәселені шешу үшін XIX ғ. Басында Ресейде В.К. Елпатьевский, П.Д. Лодий, Л.С. Гордиенко, Хр. Штельцер және т.б. еңбек етті. Дегенмен де, сол кезде метафизикалық сипатқа ие психологияның өзі, тіпті қылмыстық құқықпен біріккеннің өзінде де жеткілікті түрде жеке тұлғаны оқып танудың әдістерін толық зерттей алмады [1].

Заң психологиясы бойынша маңызды көлемдегі жұмыстар Ресейде XIX ғ. үшінші жартысында пайда болды. Олар: И.С. Баршева «Взгляд на науку уголовного законодечения», К.Я. Яновича-Яневского «Мысли об уголовной юстиции с точки зрения психологии и физиологии», А.У. Фрезе «Очерк судебной психологии», Л.Е. Владимирова «Психические особенности преступников по новейшим исследованиям» және т.б. Аталған еңбектерде психологиялық білімдерді нақты сот және тергеу органдарының қызметінде пайдаланудың таза прагматикалық тұрғыдағы идеялар көрініс тапқан. Сонымен, И.С. Баршевтің пікірінше, егер судья психологияны білмесе, онда ол әділсоттылықты атқарған процесс «тірі емес, өлген адамдарға қатысты

жүргізілген процесс» болып танылады. Неміс ғалымдары И. Гофбауэра «Психология в ее основных применениях в судебной жизни» (1808) және И. Фридриха «Систематическое руководство по судебной психологии» (1835) еңбектерінде психологияны қылмыстық тергеуде пайдалану бойынша талпыныс жасалған. Куәнің жауабын бағалау бойынша қолданылатын психологиялық сұрақтар атақты француз математик ғалымы Лапласстың еңбегінен көруге болады. 1814 жылы Францияда жарық көрген «Опытах философии теории вероятностей» деген еңбегінде (орысша аудармасы Москвада 1908 ж. шықты), Лаплас куәнің берген жауаптарының мүмкіндігін шығарылатын сот үкімдерінің мүмкіндіктерімен қатар зерттеп, оған математикалық есептеу арқылы баға беруге тырысқан. Оның ойынша барген жауап мүмкіндігі нақты шынайылыққа сәйкес келеді. Мұндағы мүмкіндік элементтері мыналардан тұрады:

- куә сипаттап айтып отырған оқиғаның мүмкіндігінен;
- жауап алынып отырған тұлғаға қатысты гипотеза мүмкіндігінен;
- куә жалған жауап беруде, бірақ қателесіп отыр;
- куә қателеспейді, бірақ жалған жауап беріп отыр;
- куә қателесіп те, жалған жауап беріп те отыр.

Лаплас мұндай жолмен куәнің жауабының жалған не рас екендігін анықтау фактілердің нәтижесі болып танылатын мән-жайлардың көптігінен қиын екендігін түсінді, білді. Сонда да, ол судья процесті жүргізу барысында, істі шешу барысында математикалық нақты есептеулерге емес, тек мүмкіндікке ғана сүйену қажет деп есептейді. Дегенмен де, Лапласстың бұл сызбасы куә жауабын бағалаудың ғылыми әдісін құруға талпынған жұмысы тәрізді қызығушылық туырды.

Сот психологиясында туындайтын мәселелерді зерттеу көп уақыт бойы осы алғашқы талпыныстардан кейін қолға алынбады. XIX ғ. екінші жартысында тек табиғи ғылымдардың да ғана емес, тіпті жетекші ірі капиталистік елдерде қылмыстылықтың тез дамып өсуі сот психологиялық зерттеулердің одан әрі тез дамуына ықпал етті [2].

XIX ғ. соңы мен XX ғ. басы психологияның, психиатрияның және т.б. құқықтық пәндердің интенсивті дамуымен байланысты. Мұнда бірінші кезекте қылмыстық құқық алда тұрды.

Бұл ғылымдарды сол кезеңде зерттеген ғалымдар прогрессивті позицияларды иеленді. Олар: И.М. Сеченов, В.М. Бехтерев, С.С. Корсаков, В.П. Сербский, А.Ф. Кони және т.б.

Құқықтың, психиатрия мен психологияның дамуы заң психологиясын жеке ғылыми пән ретінде негізделу қажеттілігіне алып келді. П.И. Ковалевский 1899 жылы психопатология мен құқық психологиясын ажырату жөнінде және осы ғылымдарды заң білімінің курсына енгізу туралы мәселені көтерді. Шамамен нақты осы кезеңдерде қылмыстық құқықтың антропологиялық және социологиялық мектептерінде карама-қайшылықтар туындады. Бұл жерде антропологиялық мектептің негізін қалаушы, антропологиялық мектептің қолбасшысы, «Қылмыскер болып туады» және өзінің атавистік мінездеріне, гендеріне байланысты түзелуге келмейді деген теорияны құрған, Ч. Ломброзо болды [3].

Әлеуметтік мектепті қолдаушылар утопиялық социализм идеясын қолданды, сонымен қатар, қылмыстылықтың себептерін түсіндіруде әлеуметтік фактілерды алға тартты. Осы уақытқа дейін әлеуметтік мектептің кейбір идеялары прогрессивті элементтерді қамтыды. XX ғ. басында заң психологиясында зерттеудің экспериментальді әдістері пайда бола бастады. Осы кезеңде жарық көрген еңбектердің көбісі куәнің жауап беру психологиясына арналған. Олар И.Н. Холчеваның «Мечтательная ложь», Гр. Португалованың «О свидетельских показаниях» (1903), Е.М. Кулишердің «Психология свидетельских показаний и судебное следствие» (1904) еңбектері болды. Сонымен қатар, осы тақырыпта М.М. Хомяков «К вопросу о психологии свидетеля» (1903), А.В. Завадски и А.И. Елистратов «О влиянии вопросов без внушения на достоверность свидетельских показаний» (1904), О.Б. Гольдовским «Психология свидетельских показаний» (1904) деген баяндамалар жасады. Аталған кезеңнің тағы бір ерекшелігі, қылмыскердің жеке тұлғасы зерттелген Л.Е. Владимировтың, Г.С. Фельдштейннің, М.Н. Гернеттің және т.б еңбектері шықты.

Сот психологиясы бойынша үлкен жетістіктерге Ганс Гросстың еңбегі жетті. Оның 1898 ж. жарық көрген «Криминальная психология» атты еңбегінде сол кезеңнің психологтарымен жүргізілген жалпы патологиялық экспериментальді зерттеулердің нәтижелері қолданылды. Қылмысты зерттеу психологиясын оқып үйренуде психологиялық экспериментальді әдістерді

қолдану дұрыс қадам болып саналды. Осы әдісті ойлап шығарушылардың бірі француз психологы Альфред Бинэ, ең бірінші болып экспериментальді жолды қолдана отырып кішкене баланың жауабына ықпал ету туралы сұрақты қарастырды. 1900 ж. Ол «Внушаемость», атты кітабын шығарды, онда кішкене баланың жауабына ықпал ету туралы мәселелерге арнайы тарау арналған. Еңбегінде А. Бинэ қызықты қорытындылар жасаған: 1) сұрақтарға берілетін жауаптар әрқашан да қателерімен бірге болады, 2) сот отырысының хаттамаларындағы жауаптарды дұрыс бағалау үшін, тек сұрақтарды ғана емес берген жауаптарды да толық жазу қажет.

1902 ж. куәлардың жауаптарының дұрыстылығы мен нақтылығын анықтау бойынша эксперименттерді неміс психологы Вильям Штерн жүргізді. Оның мақсаты А. Бинэ сияқты куәлардың жауабында ғылыми негіздерді іздеу емес, берілген жауаптардың нақтылығын анықтау дәрежесі болды. Өзінің сүйенген мәліметтеріне жүгіне отырып В. Штерн куәнің жауаптары нақты емес болуы мүмкін, себебі, «еске түсіруді айтпағанда, ұмыту бұл ереже» деп тұжырымдады. В. Штерн өзінің зерттеуінің қорытындысын Берлиндік психологиялық қоғамда баяндады, оның қорытындылары Еуропаның көптеген елдерінде қызығушылық тудырды. Соңында В. Штерн идеалистік сипаттағы есте сақтаудың персонализациялық концепциясын құрды. Бұл концепцияға сәйкес адамның есте сақтау қабілеті объективті шындықтың көрінісі болып табылмайды, тек жеке тұлғаның эгоистік мүддесінің, менмендігінің көрінісі ретінде шығады. В. Штерн баяндамасы Ресей юристерінің де қолдауына ие болды. В. Штернді Ресейде жақтаушылар болып келесілер танылды: Петербург университетінің профессоры О.Б. Гольдовский, Қазан университетінің профессоры А.В. Завадский және А.И. Елистратов. Олар Штерн тәжірибелеріне ұқсас өздері жеке тәжірибе жүргізе отырып, ұқсас қорытынды жасады. Бұл мәселеге қатысты О. Гольдовский былай деді: «Қателердің психологиялық негіздері әртүрлі және куәмен жеткізілген фактілі деректерді шынайы болған оқиғамен салыстыра қарайтын болсақ, қайғылы қорытындыны көруге болады. Куә нақты көшірмесін бермейді». А.В. Завадской мен А.И. Елистратовтың пікірлері бойынша: «В. Штерн куәлардың жауаптарының дұрыстығына қатысты бірнеше тәжірибе жасады. Осы тәжірибелер оған былай деп тұжырымдауға құқық берді: қатесіз жауап бе-

рілу мүмкін емес, жауаптар тек қателесіп қана беріледі».

Сот психологиясының мәселелері бойынша Германияда О. Липпман, А. Крамер, В.Ф. Лист, С. Яффа және т.б. болды. 1903 ж. бастап В. Штерн Лист және Гросспен бірлесе отырып «Доклады по психологии показаний» деген журнал шығара бастады. Криминалистикалық психология бойынша зерттеулер көптеген елдерде жүргізілді. Францияда – Клапаредпен, АҚШ-та – Мейерспен, сонымен қатар Микином Кеттелмен, М. Кеттел 1895 ж. студенттердің есте сақтау қабілетімен эксперимент жүргізіп, куәнің жауабының дұрыстылығы мен нақтылығы дәрежесін көрсетушіні құрастыруды ұсынды. Ресейде куәнің жауабының психологиясына қатысты мәселелер бойынша М.М. Хомяков, М.П. Бухвалова, А.Н. Берштейн, Е.М. Кулишер және т.б. еңбек етті. 1905 ж. «Проблемы психологии. Ложь и свидетельские показания» деген жинақ шықты. Жинақтың көптеген мақалалары куә жауабының толық және дұрыс еместігі төңірегінде болды [4].

XIX ғ. аяғы мен XX ғ. басы криминалогиялық білімнің социологиялануымен сипатталады. Бұл кезеңде қылмыстылықтың себептерін әлеуметтік құбылыс ретінде буржуаздық социологтар Ж. Кетле, Э. Дюркгейм, П. Дюпоти, М. Вебер, Л. Леви-Брюль және т.б. зерттеді. Олар қылмыстық әрекеттің табиғатын антропологиялық тұрғыда зерттеуді теріске шығаратын әлеуметтік статистика әдісін қолданып, қоғамның әлеуметтік шарттарына қатысты қылмыс жасалатынын дәлелдеді. Тарихи қысқа мерзімде Жан Кетле, Эмиль Дюркгейммен жүргізілген әртүрлі аномальді көріністердің (қылмыстылық, өзін өзі өлтіру, жезөкшелік) статистикалық анализі жеке тұлғалардың бойында соғыс, экономикалық тоқырау кездерінде өсіп, өсы көріністердің тамыры әлеуметтік жағдайларға қатысты екендігі дәлелденді. Бұл «қылмыскер болып туылады» деген теорияны толығымен теріске шығарды. Осы фактілер нақ осы кезеңнің америкалық әлеуметтік психологтар Р. Мертон, Ж. Старленд, Д. Матс, Т. Сайкс, Э. Глюк және т.б. еңбектерінде, қылмыстылықтың әлеуметтік психологиялық теорияларында көрініс тапты. Аталған авторлардың еңбектерінде топтарда адамдардың тәртібі мен арақатынасын реттейтін әртүрлі әлеуметтік психологиялық механизмдер

мен феномендер есебінен деликвентті тәртіптің табиғатын зерттеудің әртүрлі жолдары көрсетілген. Қылмыстылықтың әр түрлі буржуазды әлеуметтік психологиялық теорияларға тән сипаттама – бұл қылмыстылықтың әлеуметтік экономикалық детерминациялануын жоққа шығару мен біріңғай методологиялық әдістердің болмауы. Бүгінгі таңдағы криминалогиялық білімнің еркшелігі – бұл ауытқыған тәртіптің факторлары мен себептерін оқып, білу бойынша жүйелі түрдегі талпыныста. Сонымен қатар, бір уақытта ғылымның әр саласының өкілдерінің (медикилер, заңгерлер, психологтар, экономистер және т.б.) аталған мәселені шешу бойынша жасаған әдістемелік нұсқаулары. Бұл өз кезегінде қылмыстың алдын алу тәжірибесіне кешенді түрде қарауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл жерде құқық қорғаушы, первентивті, пенитенциарлық қызметті жүзеге асыратын институттарды психолого-педагогикалық тұрғыда қамтамасыз ету жетекші рөл атқарады. Қазіргі таңдағы биологизаторлық криминалогиялық теориялар аргументтерін бүгінгі таңдағы ғылымдардың (генетика, психология, психоанализ) жетістіктеріне сүйене отырып құрайды. Сонымен, сенсациялардың бірі ретінде 70-жылдары Клайнфельтер синдромы пайда болды. Ол бойынша хромосомды бүлінулер әдеттегі ер адамдардың хромосомаларына қарағанда отыз алты есе жиі кездеседі.

Заң психологиясының дамуына ерекше үлес қосқандардың қатарына атақты мамандар В.М. Бехтерев пен А.Ф. Кони болды. Криминальді психология, криминалистикалық рефлексология секциялары психоневрология бойынша Жалпы Ресейлік съездердегі бірінші және екінші этаптарында құрылды. Совет үкіметінің алғашқы жылдарынан бастап заңгерлер мен психологтар қылмыстылықпен күрестің жаңа нысандарын іздестіре бастады. Дәлелдеуге қатысты сұрақтарды заңды жолмен реттеудің бұл гуманистік принципі, қылмысты дұрыс әрі толық шешу үшін қылмыстық сот өндірісіндегі тұлғалардың қызығушылығын түсіндірді.

Қорыта келгенде, заң психологиясының ғылым ретіндегі қалыптасып, дамуы құқықтық сана мен мәдениеттің дамуына, құқық қорғау органдарының қызметтерінің сапалы әрі жүйелі түрде жүзеге асырылуына үлкен ықпалын тигізеді.

Әдебиеттер

- 1 Коченов М.М. Введение в судебно-психологическую экспертизу. – М., 1980.
- 2 Романов В.В. Юридическая психология: учебник. – М., 2002.
- 3 Косолапова Н.В., Иванова А.И. Юридическая психология. – М., 2009.
- 4 Криминология / под. ред. В.Н. Кудрявцева, В.Е. Эминова. – М., 1999.

References

- 1 Kochenov M.M. Vvedenie v sudбно-psihologicheskuyu jekspertizu. – M., 1980.
- 2 Romanov V.V. Juridicheskaja psihologija: uchebnik. – M., 2002.
- 3 Kosolapova N.V., Ivanova A.I. Juridicheskaja psihologija. – M., 2009.
- 4 Kriminologija / pod. red. V.N. Kudrjavceva, V.E. Jeminova. – M., 1999.